

Қазақстан Республикасының Ұлттық музей қоры туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 10 наурыздағы N 238 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1107 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.10.2013 № 1107 қаулысымен.

Қазақстан халықтарының тарихи-мәдени мұраларының сақталуын, орталықтандырылған есебін, жинақталуын, зерделенуі мен пайдаланылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті
қ а у л ы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық музей қоры туралы Ереже бекітілсін (қ о с а б е р і л і п о т ы р) .

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, қарамағында музей мекемелері бар министрліктер мен ведомстволар Қазақстан Республикасының Ұлттық музей қоры туралы Ережені басшылыққа алатын болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 10 наурыздағы
N 238 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының Ұлттық музей қоры туралы Ереже

Қазақстан Республикасының Ұлттық музей қоры туралы Ереже "Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы" 1992 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық музей қоры туралы Ереже Қазақстан Республикасының мүддесіне сай қордың құрамын, оны ұйымдастыру, қорғау және пайдалану тәртібін белгілейді.

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық музей қоры (бұдан әрі - Ұлттық музей

қоры) Қазақстан Республикасының аумағындағы ведомстволық бағыныштылығына қарамастан, мемлекеттік музейлерде, меншік нысанына қарамастан кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың қарамағындағы, сондай-ақ қоғамдық негізде құрылған музейлерде сақталатын тарихи, ғылыми, көркем музейлік немесе өзге де мәдени құндылығы бар, отандық және дүниежүзілік тарих пен мәдениет ескерткіштерінің жиынтығын, сондай-ақ табиғи тарихтың коллекциялары мен жекелеген құнды, сирек кездесетін және бірегей заттарын құрайды.

2. Мемлекеттік қорықтар мен ашық аспан астындағы музейлердегі жылжымайтын тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтауды, есепке алуды, одан әрі бүлінуін тоқтатуды, қайта жаңғырту мен пайдалануды қамтамасыз ету тәртібі "Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленеді.

3. Ұлттық музей қорының жай-күйі мен пайдаланылуын мемлекеттік басқару және бақылау органы Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі мен оған бағынышты органдар болып табылады.

4. Ұлттық музей қоры ғылым мен мәдениетті дамыту, патриоттық, интернационалдық, адамгершілік және эстетикалық тәрбие беру мақсатында, жылжымалы тарихи және мәдени ескерткіштерін барынша толық табу, орталықтандырылған түрде есепке алу, жинақтау, сақталуын қамтамасыз ету, зерделеу және пайдалану үшін, сондай-ақ Қазақстан халықтарының рухани қажетсінуін қанағаттандыру үшін құрылады.

5. Ұлттық музей қоры Қазақстан халықтарының тарихи-мәдени мұрасының ажырамас бөлігі болып табылады және Қазақстан Республикасының айрықша меншігі ретінде мемлекеттің қорғауында болады. Ұлттық музей қоры қоғам мен мемлекеттің қажетін қанағаттандыруға және шынайы тарих туралы ой-пікірді, ұлтаралық сыйластық пен келісімді қалыптастыруға, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыруға қызмет етеді.

Ұлттық музей қорының қазыналарын сақтап, еселей түсу - бүкілхалықтық іс, мемлекеттік органдардың, мекемелер мен кәсіпорындардың, ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктердің және ұйымдардың, барлық лауазымды адамдардың міндеті, Қазақстан Республикасының әрбір азаматының борышы.

II. Ұлттық музей қорының құрамы

6. Ұлттық музей қорының құрамына Қазақстан Республикасының аумағынан заңсыз әкетілген Қазақстан халықтары мен басқа елдердің және барлық дәуірдегі халықтардың өміріндегі елеулі оқиғаларды, қоғамның, мемлекеттің және табиғи тарихтың дамуын бейнелейтін жылжымалы тарихи және мәдениет ескерткіштері

е н е д і .

7. Мыналар жылжымалы тарихи және мәдени ескерткіштері болып табылады:

тарихқа қатысты заттар, оның ішінде халық өміріндегі тарихи оқиғалармен, қоғам және мемлекет дамуымен, ғылым мен техника тарихымен, сондай-ақ ғылымның, мәдениет пен өнердің көрнекті қайраткерлерінің өмірімен б а й л а н ы с т ы з а т т а р ;

археологиялық қазба материалдары мен олардың сынықтары; алып өнердің архитектуралық көркемдік, тарихи ескерткіштерінің құрамдас б ө л і к т е р і м е н с ы н ы қ т а р ы ;

көркемдік құндылықтар: барлық негізде тұтас қолмен және кез келген материалдардан жасалған картиналар мен суреттер, декоративтік-қолданбалы өнер мен дәстүрлі халықтық көркем кәсіпшілік туындыларының гравюралары, эстамптары, л и т о г р а ф и я л а р ы ;

жекелей немесе жиынтықты түрде ерекше мүддені бейнелейтін (тарихи, көркемдік, ғылыми және басқа) ескі кітаптар мен басылымдар;

сирек кездесетін қолжазбалар мен өзге де құжаттар; жеке немесе жиынтықты түрдегі почта маркалары, өзге де филателиялық м а т е р и а л д а р ;

архивтер, фоно, сурет, бейне және киноархивтері, сондай-ақ архивтік м а т е р и а л д а р ;

бірегей музыка аспаптары; монеттер, медальдар, печаттар мен басқа да жиынтықты материалдар; этнологиялық және этнографиялық материалдар; палеонтологиялық мүддені бейнелейтін флоралар мен фауналардың, минералогиялардың, анатомиялар мен заттардың сирек коллекциялары мен ү л г і л е р і .

8. Музейлерде сақтаулы жатқан тарих пен мәдениеттің құжаттық ескерткіштері, олар сонымен бір мезгілде Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорының құрамына енеді, олардың мемлекеттік есепке алынуы мен сақталуын қамтамасыз ету тәртібі Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қоры туралы Заңымен белгіленеді.

III. Ұлттық музей қорын ұйымдастыру

9. Ұлттық музей қорының негізгі сақтау орындары: Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі жүйесіндегі мемлекеттік музейлер мен музей-қорықтары;

мемлекеттік көрмелер, галереялар мен көркемсурет қорлары; басқа министрліктер мен ведомстволарға бағынышты мемлекеттік музейлер; меншік нысанына қарамастан, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың

қарамағындағы, сондай-ақ қоғамдық негізде құрылған музейлер болып табылады

10. Ұлттық музей қорының құрамына енетін және қоғамдық негізде құрылған музейлердегі жылжымалы тарих және мәдениет ескерткіштерін дұрыс сақтап, оның пайдаланылуын бақылап отыру мақсатында тиісті бейіндегі мемлекеттік музейлерде есепке алынады.

11. Музейлердің қызметі тоқтатылған жағдайда, олардағы жылжымалы тарих және мәдениет ескерткіштері белгіленген тәртіп бойынша тиісті бейіндегі және жүйедегі мемлекеттік музейлердің қорларына беріледі.

12. Ұлттық музей қорының ескерткіштерін жинақтау, есепке алу, сақтау, жаңғырту, ғылыми жағынан зерделеу және пайдалану тәртібі олардың бағыныштылығына қарамастан, республикадағы барлық музейлерге міндетті болып табылатын Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің ережелерімен және нұсқауларымен белгіленеді.

13. Жылжымалы тарих және мәдениет ескерткіштерін Қазақстан Республикасының музей қорына жатқызу туралы мәселелерді қарау мен шешу үшін мемлекеттік және ведомстволық музейлердің жанынан Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі бекіткен ереже негізінде жұмыс істейтін сатып алу-қор комиссиясы құрылады.

Сатып алу-қор комиссиясы жылжымалы ескерткіштерді сатып алу бағасын дүниежүзілік нарық бағасының нысанасын, тарихи, ғылыми, көркемдік, мәдени, музейлік және өзге де құндылығын ескере отырып, музейдің қаржы мүмкіндігіне қарай өздері тағайындайды. Даулы мәселелер Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі жанынан құрылған, құрамына ғалымдар, жоғары білікті музей қызметкерлері мен шығармашылық одақтардың өкілдері, сондай-ақ оған тартылған шетел мамандары мен сарапшылары енген Орталық сараптау комиссиясында шешіледі.

14. Ұлттық музей қорының құрамына енген коллекциялар мен жекелеген заттарды бір музейден екінші музейге, басқа мекемелерге беру тек музейлердің келісімі бойынша ғана және өздері бағынатын министрліктер мен ведомстволардың жазбаша рұқсатымен жүзеге асырылады.

15. Кәсіпорындардан, мекемелерден, ұйымдардан және жеке азаматтардан бұрын қабылданған және сатып алынған Ұлттық музей қорының құрамына енген коллекциялар мен жекелеген заттар (заңсыз алынғандардан басқасы) бұрынғы иелеріне және оның мұрагерлеріне қайтарылмайды.

IV. Ұлттық музей қорын қалыптастыру және толықтыру көздері

16. Ұлттық музей қорын толықтыру: министрліктер мен ведомстволардың, кәсіпорындардың, мекемелер мен

ұйымдардың, жергілікті өкімет органдарының, ұжымдық және қоғамдық ұйымдардың орталықтандырылған қаражаты есебінен;

музейлердің өз қаражаты, сондай-ақ музейлерге бөлінген қаражат есебінен музейлік маңызы бар заттарды сатып алу жолымен жүзеге асырылады.

17. Музейлерге белгіленген тәртіп бойынша:

соттың үкімдері, ұйғарымдары мен қаулылары негізінде тәркіленген немесе осындай өкілеттігі бар басқа да мемлекеттік органдардың шешімдерімен мемлекет меншігіне алынған мүліктер, сондай-ақ белгіленген тәртіп бойынша иесіз деп танылған мүліктер немесе мұрагерлік құқықпен мемлекет иелігіне өткен коллекциялар мен музейлік маңызы бар жекелеген заттар;

археологиялық қазбалар ғылыми экспедициялар кезінде табылған ғылыми немесе тарихи-көркемдік жағынан немесе өзгедей құндылық деп табылатын қазыналар, заттар немесе заттар жиынтығы (біртұтас) ретінде беріледі.

18. Музейлік маңызы бар заттар кәсіпорындардан, мекемелерден, ұйымдар мен жеке азаматтардан сыйға тарту және мұраға қалдыру жолымен қабылдануы мүмкін.

V. Ұлттық музей қорын пайдалану

19. Тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалану музейлер мен көрмелер жүйесі арқылы қамтамасыз етіледі.

Музейлер өз бағдарына сәйкес Ұлттық музей қорының жылжымалы тарих және мәдениет ескерткіштерін жинақтап, есепке алады, сондай-ақ олардың сақталуын, зерделенуі мен насихатталуын қамтамасыз етеді. Музейлер белгіленген тәртіппен музей қорындағы әртүрлі басылымдар әзірлеуді, оларды шығару мен таратуды жүзеге асырады.

20. Ұлттық музей қорының ескерткіштерін ғылыми-зерттеу экспозиция-көрме, мәдени-ағарту және баспа ісі мақсатына пайдалану олардың сақталуын қамтамасыз ететін директордың жазбаша рұқсатымен ғана жүзеге асырылады.

21. Ұлттық музей қоры құрамына кіретін тарих және мәдениет ескерткіштерін Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкету Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі берген ерекше рұқсатпен ішінара жағдайда ғана рұқсат етіледі.

Тарих және мәдениет ескерткіштері бүлінген, ұрланған немесе тарихи-мәдени құндылығы жоғалған, сондай-ақ жекелеген объектілер тарихи-мәдени құндылық деп табылмағаны туралы шешім шығарған жағдайда оларды Ұлттық музей қорының құрамынан шығару тәртібі Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарымен және нормативті актілерімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің нұсқауларымен реттеледі.

VI. Ұлттық музей қорының жылжымалы тарих және мәдениет ескерткіштерін мемлекеттік есепке алу

22. Ұлттық музей қорын құрайтын жылжымалы тарих және мәдениет ескерткіштері мемлекеттік есепке алынуға тиіс.

Жылжымалы тарих және мәдениет ескерткіштерін мемлекеттік есепке алуға оларды табу, зерделеу және олардың ғылыми, көркемдік, тарихи, музейлік немесе өзге де мәдени құндылығын анықтау мен есепке алу құжаттарын жасау ж а т а д ы .

Жылжымалы тарих және мәдениет ескерткіштерін мемлекеттік есепке алу тәртібін сақтамау "Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңын бұзғандық болып табылады және Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жауапқа тартылады.

VII. Ұлттық музей қоры ескерткіштерін сақтауға жауапкершілік

23. Ұлттық музей қорының жылжымалы тарих және мәдениет ескерткіштерін есепке алу, сақтау, пайдалану және жаңғырту тәртібін бұзған, сондай-ақ өздерінің іс-әрекетімен немесе жауапсыздығынан аталған ескерткіштердің ұрлануына, бүлінуіне немесе заңсыз жойылуына жол берген лауазымды адамдар мен азаматтар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қылмыстық, әкімшілік, тәртіптік, материалдық және өзге де жауапкершілікке тартылады.

Ұлттық музей қорына келтірілген залал ескерткіштердің Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің сараптау Комиссиясы белгілеген тарихи, ғылыми, көркемдік, музейлік және өзге де мәдени құндылығын ескере отырып, ө т е л у г е т и і с .